

Қазақстанның көрікті жерлері



Көктөбе – Қазақстанның ең көрікті әрі таңғажайып орындарының бірі. Қаланың ең биік нүктесі – Көктөбе теңіз деңгейінен 1100 метр жоғары. Аспалы жолмен әуе трамвайы арқылы көтеріліп, Сіздер таулардың көрінісінен ләззат алу мүмкіндігіне ие боласыз. Биіктіктен таулар мен қаланың керемет көрінісі алақандағыдай көрінеді.



ҚР тұңғыш Президенті атындағы саябақ Алматы қаласы Бостандық ауданының Навои және әл-Фараби көшелер қиылысында орналасқан. Дендропактің жалпы аумағы 73 га құрайды. Оның құрылысы басталған 2001 жылдан бастап жоспарланған элементтер - аллея, бульварлар мен дендрарлық учаскелерінің құрылысы және дендрарлық жоспар бойынша жасыл желек отырғызу жұмысы жүргізілді. Саябақ аумағында 2001 жылы ҚР Бірінші Президенті Н.Назарбаевтың өз қолымен отырғызған емен ағашы өсіп тұр.



Бәйтерек – Астанадағы архитектуралық құрылыс кешені, сәулет өнерінің бірегей туындысы. Елорданың ең көрнекті ғимараттарының бірі.

Хан Шатыр - әлемдегі шатыр түрді құрылыстардың ең орасан зоры және Қазақстандағы сауда орталықтарының ең үлкені, әрі бірегей сырт пішінімен айшықталады. Хан Шатыр ОССО – бір шатырдың астында әлем деңгейіндегі ойын-сауық және сауда-саттықты біріктірген, алғашқы лайфстайл-орталық болып саналады.







Таңбалы тас [Бетпақдала](#) сахарасының ортасын қия кесіп, ұзынынан созылған таңбалы тікжартас, [Сарысу](#) өзеннен 20 км-дей жоғарырақ, қызыл жыңғыл орманына қарама-қарсы, Биік Нұраның іргесінде орналасқан. Мұндағы тас өте жұмсақ болғандықтан, жазуға да сондай қолайлы. Көне дәуірден келе жатқан Таңбалы тас жазуында ғасырлар бойы Қазақстан өлкесін қоныстанған тайпалардың тасқа жазып түсірген мыңдаған таңбалары және ел басқарушылардың қол қойған аттары, ұрандар, тасқа қиып түсірген едемі өрнектер, «қошқармүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі», «аттың ізі» т. б. таңбалар көптеп кездеседі. Мұндай қалың жазулармен таңбалардың тұрған жерін қазақтар ерте заманнан бері қарай «Таңбалы тас», «Таңбалы жар» немесе «Таңбалы Нұра» деп атаған. Жартасқа түсірілген таңбалардың ең көнесі шамамен XI ғасырдан басталады да, XIX ғ асырға дейін жалғасады. Таңбалы тастың зор атаққа ие болу себебі бұл жерде қазақтар ұлы мереке жасап, ұран шақырып, бірел болып қосылған жері. Сондықтан бұл Таңбалы тасты алғаш ашқан ғалымдар «тарихтың зор куәлігі» деп атаған (А. И. [Шренк](#)). Ол таңбалар [Орхон - Енисей жазба](#) ескерткіштері таңбаларымен еңдес белгілер болып табылады. «Біз бұл таңбалы тастан Сібірдегі қия тасқа түсірілген жазу үлгілері сияқты белгілерді табуға үміттендік, ол үмітіміз босқа кетпеді. Ондағы орхон жазуына ұқсас алфавиттен бірнешеуін түсіріп алдық» деп жазады ғалым А. И. Шренк. Бетпақдаланы зерделей зерттеген атақты инженер Ю. [Шмидтің](#) бақылауынша Таңбалы тас қазақтың жанды елімен ардақтайтын бір киелі тасы. Ел аузындағы кене деректерде Таңбалы таста XVIII ғасырда, дәлірек айтқанда 1710 жылында жоңғарларға қарсы соғыста үш жүздің баласы басқосып үлкен жиын еткізген. Бұл жиында Таңбалы тасқа әр [рудың](#) таңбалары басылып, басылған таң бақұрым киізге ойылып таратылған, сонда қай ру таңбасы артық қалса, сол әскер келмегендігін білдірген. Сондай - ақ бұл жерде кектемгі уақытта үш жүздің баласы бас қосып, таңбаларын алып, жаз жайлау, қыс қыстауларын белгілеп жер белісіп отырған.





Таң балы тастар сыры



- **Шарын шатқалы, Шарын каньоны** — [Шарын өзенін](#) 154 шақырым бойлайтын шатқал. Шатқал Алматы қаласынан 195 шақырым шығысқа қарай орналасқан. 2004 жылдың 23 сәуірінде құрылған [Шарын ұлттық паркінің](#) құрамына кіреді.
- Шарын шатқалы жасы 12 миллион жылға жуық шөгінді тау жыныстардан қалыптасқан табиғат ескерткіші. Каньон құздарының биіктігі 150-300 метрге жетеді. Шарын шатқалы - Шарын өзені бойымен солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа 154 км созылып жатыр. Бұл аймақтың рельефі әртүрлі. Жарқабақтың бағаналары, баурай, жыралары 150-300 м жетеді. Жарқабақ түсі Америкадағы Үлкен жарқабақтарға қарағанда ашық-қызғылт. Шарында жер шарында сирек кездесетін, мұздану кезеңінен өткен яшень кездеседі. Сирек кездесетін соғдиандық түрі 25 млн жыл бұрын жер бетінде кең таралған, ал қазір қорғалатын аумақ. Негізінен демалушылар «Қорғандар аңғары, «Темірлік т.б атаумен қалған жерлеріне барады.
- Шатқал бойымен ағатын Шарын өзені Алатаудан бастау алып, Іле өзеніне құяр жолында Жалаңаш үстіртін кеседі. Шарын өзеніне кіші өзендер келіп құяды. Өзен ағысы секундына 10-12 шақырымға жетеді. Бұл ағыс рафтинг спортына жарамды. Өзен арнасының кеңдігі 35-40 метрге дейін жетеді. Шарын шатқалының аумағына өзенмен бірге Шетен тоғайы енеді. Тоғай негізі соғдиян шетенінен (*Fraxinus potamophila*) құралған. Әлем бойынша мұндай тоғайлар екі жерде ғана бар. Бірі Қазақстанда Шетен тоғайы болса, бірі Солтүстік Америкада ғана сақталған. 1964 жылы Шетен тоғайы табиғат ескерткіші деп жарияланды. Алматыдан 4 асқан.



Қазақ жеріндегі Тянь-Шань тауы сілемдерінің бауыры ірілі-ұсақты көптеген өзен-көлдерге бай.

Солардың ішіндегі шоқтығы биігі – Қайыңды. Көлдің ерекшеліктерінің бірі – оның тым жастығында. Қайыңды 1911 жылы болған жер сілкінісі әсерінен пайда болған. Қайыңдыда болған жұртшылық «аруақтар көлі» деген атау тағып кеткен екен. Мұның сыры суға батқан кемелерге ұқсас Тянь-Шань шыршаларының діңгектері судың ішінен 15 метрге дейін көтеріліп тұрады. Бір қарағанда бұл көрініс аруақ кемелерінің алып қорымдарына ұқсас келеді. Көлдің айналасы қайыңдар мен қарағайларға ерекше бай. 2010 жылдың маусым айында Қайыңды көлі сел тасқынымен шайылып кетуінің әсерінен көлдің бүгінгі күндегі деңгейі 10 метрге төмендеген.






PHOTO
SAFARI
Canon

© vovpopul.kz



- Үлкен Алматы көлі – Іле Алатауының көрікті көлдерінің бірі. Ол, әсіресе, таң сәріде су бетіне аспан мен оны қоршаған орта бейнесі шағылысқан кезде өте әдемі.
- Көл өзі аттас шатқалда теңіз деңгейінен 2511 шақырым жоғары орналасқан, оның тереңдігі 40 шақырымға жетеді ал, ені 1 шақырым. Жазда су температурасы Цельсия бойынша 10–12градусты құрайды. Көл жағасынан таудың керемет көрінісі ашылады. Көлдің арғы оңтүстік жағында Советтер шыңы мен Озерный асуы, ал батысында Үлкен Алматы шыңынын тасты сілемдері көрінеді. Көл ежелгі мұздықтың төмен сырғып түсуінен пайда болған, нәтижесінде шұңқыр пайда болып, ол еріген сумен толыққан.





- Айғай құм

-

Алтынемел құмдарындағы «Әнші құм» немесе «Айғай құм» - танымал жерлердің бірі. Оның алып жатқан жерінің үлкен болуы сонша, ұзындығы екі-үш километрге дейін, ал биіктігі шамамен 120 метрге жетеді. Бұл құмның бір ерекшелігі – құрғақ күндері әуенді дыбыстар шығарады. Оның әуені бірнеше шақырымдарға жайылып, алыстан да естіліп тұрады. Кейбір пікірлерге сүйенсек, құмның ұсақ бөлшектері бір-біріне үйкелген кезде осындай әуенді дыбыстар шығады екен: жеңіл самал жел шиқылдаған дыбыстар шығарса, қатты жел орган дыбысына ұқсас әуен шығарады. Алайда, желсіз күнде де құмның әуенін тыңдауға болады. Осы сиқырына байланысты, құм жайында көптеген аңыздар пайда болған.

-

Құмның тағы бір ерекшелігі – ол басқа құмдар сияқты орнын ауыстырып, көшіп жүрмейді, керісінше, мыңдаған жылдар бойы Алтынемел аумағында, бір орында тұр. Осы жерде тұратын адамдар айтатын аңыздарға сүйенсек, дәл осы құмның астында Шыңғысхан және оның сенімді жауынгерлері жерленген екен. Ал сиқырлы құмның әуендететіні – ханның рухы ұрпағына өз жеңістері жайында сыр шерткені. Айғай құм Алматыдан 3 сағаттық жерде.

-

